



15 қыркүйек - Отбасы күні!

Отбасы – бақыт мекені



Нұра кентінің Мәдениет үйінде, Отбасы күніне арналған «Отбасы – бақыт мекені» аудандық мерекелік шара өтті. Салтанатты шараға, аудан әкімінің орынбасары Салтанат Мұқанова, ауданның өнегелі отбасылары, ақсақалдар мен әжелер, жас отбасылар, жастар және ауыл тұрғындары қатысты.

жалғасы 2-бетте

Назначение

Назначен новый руководитель спортивной школы



Назначен новый руководитель КГУ «Детско-юношеская спортивная школа Нуринского района».

Коллективу учреждения нового директора представил заместитель руководителя Управления физической культуры и спорта Карагандинской области Н. Ж. Аширбеков, прибывший с рабочим визитом в Нуринский район.

На должность директора КГУ «Детско-юношеская спортивная школа Нуринского района» назначен Берик Жолдыбаевич Ташмаганбетов.

В ходе встречи были обозначены основные направления дальнейшей работы спортивной школы. В числе приоритетных задач — развитие детско-юношеского спорта, подготовка спортивного резерва, повышение спортивного мастерства воспитанников, поддержка перспективных спортсменов и развитие массового спорта в районе.

Перед новым руководителем стоит задача по дальнейшему укреплению материально-технической и спортивной базы учреждения, созданию условий для занятий детей и повышения результатов юных спортсменов.

Коллектив спортивной школы пожелал новому руководителю успешной работы и высоких спортивных достижений.

Собст. инф.

Еңбегі – елге өнеге

Мерей



Болат Әбдікәрімов атындағы көпсалалы колледжде ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек еткен Сайран Наскенұлы Сағынбековтің зейнеткерлік жасқа шығуына байланысты «Баспының еңбек жолы» атты салтанатты кеш өтті.

Білім саласында 40 жылдан астам уақыт еңбек еткен Сайран Наскенұлы Нұра ауданындағы білім беру жүйесінің дамуына елеулі үлес қосып, 30 жылын басшылық қызметке арнады. Ұстаздық жолды

басқару ісімен ұштастыра білген білікті басшы сан жылдар бойы ұжымның ауызбіршілігін нығайтып, білім беру сапасын арттыруға, жас ұрпақтың сапалы білім алуына өзіндік үлесін қосты.

жалғасы 5-бетте

Спорт

Жас дзюдошы жеңіс тұғырында

Орал қаласында, ерлер мен әйелдер арасында дзюдодан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Ел біріншілігіне Астана, Алматы және Шымкент қалалары мен еліміздің 17 өңірінен келген үздік спортшылар қатысып, татамиде ел чемпиондығы үшін бақ сынады. Осындай, жоғары деңгейдегі бөсекеде 22 жастағы Валерия Постникова, 63 келі салмақ дәрежесінде қола жүлдегер атанып, Нұра ауданының намысын абыроймен қорғап қайтты.

Төрт күнге созылған жарысқа 600-ге жуық спортшы қатысты. Дзюдошылар жекеley және аралас командалық жарыстарда өзара мықтыны анықтады. Ел біріншілігінің соңғы



күнінде аралас командалық бөсеке өтіп, 16 команда татамиге шықты. Бұл сайыста, Қарағанды облысының құрамасы қола жүлдеге ие болды.

Осындай жауапты додада Валерия Постникованың көздегені – жүлдеге ілігу және ұлттық құрама сапына ену еді. Осы мақсат жолында спортшы бес ай бойы жүйелі түрде дайындалған.

Дайындық кезеңінде, Валерияның спорттағы жолына кедергі болған жарақаттары да аз болған жоқ. Ол, жарыстар мен жаттығулар барысында алған жарақаттарына байланысты төрт рет ота жасатып, бірнеше мәрте ұзақ уақыт қалпына келу кезеңінен өткен. Соған қарамастан спорттан қол үзбей, қайтадан жарыс алаңына оралып отырған.

жалғасы 2-бетте